

**2009 жылға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы аудан бойынша қаржыландырылатын басымды ауыл шаруашылық дақылдар түрлері бойынша көктемгі-егістік жұмыстарын жүргізудің оңтайлы мерзімдерін анықтау туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 27 мамырдағы N 136 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 28 мамырда N 13-5-95 тіркелді. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 8 сәуірдегі N 02.09.01-05/374 хаты)

**Ескерту. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы әкімдігінің 08.04.2013 N 02.09.01-05/374 хаты)**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 31-бабы 2-тармағына, «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы № 533 Заңы 5-бабы 3-тармағы 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қаңтардағы № 87 қаулысымен бекітілген ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне көктемгі-егістік және орақ жұмыстарын өткізуге қажетті, жанар-жағармайдың және басқадай тауарлы-затты құндылықтардың бағасын арзандатуға және өсімдік шаруашылығының өнімдерінің сапасы мен өнімділігін жоғарылату үшін төленетін субсидиялар Ережесінің 12-тармағына сәйкес, 2009 жылы Солтүстік Қазақстан облысының топырақты-егіншілік аудандары бойынша қаржыландырылатын басымды ауыл шаруашылық дақылдар түрлері бойынша көктемгі-егістік жұмыстарын жүргізудің оңтайлы мерзімдері жөніндегі «Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылық тәжірибелік станция» ЖШС көп жылғы ғылыми зерттеулер негізінде әзірленген ұсынымдары негізінде аудан әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. 2009 жылға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы бойынша қаржыландырылатын басымды ауыл шаруашылық дақылдар түрлері бойынша көктемгі-егістік жұмыстарын жүргізудің оңтайлы мерзімдері келесі тәртіпте анықталсын :

жаздық бидай - 15-30 мамыр, дәнді дақылдар бойынша алдыңғы егіс 5 маусымға дейін ;  
арпа - орташакеш сорты 25-30 мамыр;

|                   |   |                         |             |         |
|-------------------|---|-------------------------|-------------|---------|
| арпа              | - | орташажетілген сорты 30 | мамыр–5     | маусым; |
| сұлы              | – | орташакеш сорты 25-30   | мамыр;      |         |
| сұлы              | – | орташажетілген сорты 27 | мамыр–5     | маусым; |
| б ұ р ш а қ       | - | 25 - 30                 | м а м ы р ; |         |
| қ а р а қ ұ м ы қ | - | 20 - 25                 | м а м ы р ; |         |
| р а п с           | - | 10 - 20                 | м а м ы р ; |         |
| з ы ғ ы р         | – | 15 - 22                 | м а м ы р ; |         |
| к ү н б а ғ ы с   | – | 12 - 18                 | м а м ы р ; |         |
| қ ы ш а           | – | 12 - 18                 | м а м ы р ; |         |
| к а р т о п       | – | 12 - 18                 | м а м ы р . |         |

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы  
 әкімдігінің 2009.06.01 N 142 Қаулысымен

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Айбек  
 Оралбекұлы Күшеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне  
 енеді және алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М. Тасмағанбетов*